



Ақпарат

- ҚББ-нен бөлініс бойынша Қала әкімінің Жаңа жыл шыршасына 18-оқушы, Президенттік Жаңа жыл шыршасына 3-оқушы сұраныспен жіберілді. Тұрмыстық жағдайы тексеріліп аз қамтылған отбасы оқушылары мен көп балалы отбасы балалары қамтылды. Қамқоршылық кеңес жиналысы ұйымдастырылып, 21- оқушының үйіне барып тұрмыс жағдайы тексеріліп ҚББ-не құжаттары апарылып, ата-аналармен байланыс жасалды. Қала әкімінің және Президент атынан ұйымдастырылған «Жаңа жыл» шыршасынан оқушыларға 100 000 мың теңге қаржылай сыйлық, сонымен қатар тәтті сыйлықтар мен ертегі кітап және түрлі ойыншықтар берілді.



Ақпарат

2022 жылдың 9-қыркүйегінде 1 сынып оқушыларымен сауалнама жүргізілді. Сауалнамада 5 сұрақ болды. Барлығы 1 сыныптың түгел дерлік оқушыларынан сауалнама алынды. 1-сынып оқушылары 1-2 сабақтың қоңырауында I ауысымда тамақтанады. Сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог күнделікті міндетті қадағалау жұмыстарын жүргізіп отырады.





Қорытынды нәтижесінде:

- 1 – сұрақ бойынша мектепте берілетін тамақ дәмді деп 100% жауап берді.
- 2 – сұрақ бойынша мектептегі тамақ тойымды деп 100% жауап берді.
- 3 – сұрақ бойынша мектептегі тамақ күніне қайталанбайды деп 100% жауап берді.
- 4 – сұрақ бойынша мектепте жеміс – жидек беріледі деп 100% жауап берді.
- 5 – сұрақ бойынша мектептегі ішкен тамаққа ақша төлемейміз деп 100% жауап берді.

Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.

Ақпарат

«Ас адамның - арқауы» тақырыбында 09.09.2022 жылы күні 8-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.




Қорытынды нәтижесінде:сұрақ бойынша мектепте берілетін тамақ дәмді деп 100% жауап берді, сонымен қатар ешқандай шағымның жоқтығы анықталды.

Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.

Ақпарат

Сынып жетекшілермен семинар фото.


Мектепте аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларымен және ата-аналарымен байланысты нығайту, жұмысты жандандыру мақсатында мектеп әлеуметтік педагогы Ж.Б.Асенова дөңгелек үстел өткізді. Сынып жетекшілерге жұмыс барысы, ата-анамен қарым қатынас жайлы сонымен қатар балаларды асханадан тамақтануын уақытылы қадағалау жайлы түсінік берілді. Сынып жетекшілер ыстық тамақ ішетін оқушылар туралы толық ақпарат біліп, сұрақтарын қойып жауап алды.



Ақпарат

Жаңаөзен қаласы бойынша «№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың тақырыбы Отбасы тәрбиесі мен отбасы дәстүрлері болды. Жалпы мектеп ата-ана саны 767 ата-ананы құрады, соның ішінде 538 ата-ана қатысты. Жиналыстың басты мақсаты отбасы мен баланың, мектеп пен отбасының арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруіміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.




Ақпарлама

Жәрменке ұйымдастыру.

«Ризашылық фестивалі» және «Құндылық» айында 4-10 сынып аралығында тәттілер жәрмеңкесін ұйымдастырды. Тәттілер жәрмеңкесіне оқушылар белсенділік танытып, пісіріп әкелген тәттілерін қолжетімді

бағада сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражатты аз қамтылған 2-отбасыға азық түлік алынып берілді.



Ақпарат

Қаңтар айында демалысты ұйымдастыру.



Мектебіміздің оқушылары демалыс уақытында шахмат және тоғызқұмалақ үйірмесіне, сонымен қатар мектептің қазынасы кітапханаға келіп бос уақыттарын тиімді деңгейде өткізе білді. Соның ішінде оқушылар мектеп кітапханасынан бастауыш сыныптар ертегі кітаптар, 5-11 сынып арасындағы оқушылар түрлі шығармалармен танысып шықты.



Ақпарат

Денсаулық зор байлық баяндама

Бірінші байлық – денсаулық Екінші байлық – ақ жаулық Үшінші байлық – он саулық. Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек. Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз. Әркім өзінің денсаулығының нашарлануына өзі кінәлі. Ауруды ағзаларға жолатпау, адамдардың өз қолында. Сол себепті, әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсысымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымыз қажет. 7-сынып оқушыларына «Денсаулық зор байлық» тақырыбында мектеп медбикесі Тоғайбаева Ақназ мен әлеуметтік педагог Асенова Жанар баяндама оқып, оқушыларға сұрақ қойылып жауап алынды.



Ақпарат

Қамқоршылық кеңес жиналысы.

Мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңес құрамы беделді кәсіпкерлер, басшылар және ата-ана комиті мүшелерінен құрылады. Қамқоршылық кеңес бұйрығы және жылдық жоспары болады. Қамқоршылық кеңес жиналысы аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына түрлі көмектер қарастырылған кезде жасалады. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңес жиналысы аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына арнайы ұйымдастырылатын жыл сайынғы Жаңа жыл шырша тойы қарсаңында ақылдасу мақсатында ұйымдастырылып отырды.

